

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 28 шілде N 1182. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.18. N 1197 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.18. N 1197 қаулысымен. P 9 9 1 1 9 7 _

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 18 ақпандағы N 125 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 4, 52 - құжат);

"Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы Ережеге толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 қаңтардағы N 92 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж. N 5, 47-құжат);

"Сәулет-қала құрылысы құжаттамаларын сараптау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 желтоқсандағы N 1395 қаулысымен бекітілген Объектілер мен кешендерді салу, кеңейту, қайта жаңарту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеуге арналған сәулет қала құрылысы құжаттамаларын сараптау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 46, 517-құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 15-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы,

1995 ж., N 5, 62-құжат).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 28 шілдедегі
N 1182 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі
(Ғылыммині - Ғылым академиясының Атом энергиясы
жөніндегі агенттігі) туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасында ядролық қарудың таралмауы режимін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады және атом энергиясының қауіпсіз пайдаланылуын реттеу саласындағы орталық мемлекеттік орган функциясын орындайды.

2. Агенттік өз құзыретінің шегінде атом энергиясын пайдалану кезінде қауіпсіздікті реттеу жолымен иондаушы техногендік және табиғи сәулелердің халыққа және қоршаған ортаға ықтимал зиянды әсерін болдырмау немесе төмендету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қарауындағы ядролық және арнайы адролық емес материалдарға, қос пайдаланыстағы материалдар мен ядролық технологияларды мемлекеттік бақылауды және оларды есепке алуды қамтамасыз етеді.

3. Агенттік атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті республика аумағында мемлекеттік қадағалау мен реттеуді тікелей және қадағалауындағы объектілерде өзі тағайындайтын резидент инспекторлар арқылы, аумақтық органдар және қадағалау бағыттары бойынша мемлекеттік инспекторларды біріктіретін аймақтық инспекторлар арқылы жүзеге асырады.

4. Агенттіктің өз құзыретінің шегінде атом энергиясын пайдалану саласында қабылдаған шешімдері Қазақстан Республикасының барлық органдарының, ұйымдарының, лауазымды адамдарының және азаматтарының орындауы үшін міндетті болып табылады.

5. Агенттік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі - Ғылым академиясы туралы ережені, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды және осы Ережені басшылыққа алады.

6. Агенттік заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банк мекемелерінде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

7. Агенттіктің құрылымын Агенттік Директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал штат санын Ғылым министрі - Ғылым академиясының Президенті белгілейді.

8. Агенттік аппаратын ұстауға кететін шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясын ұстауға көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

II. Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

9. Агенттіктің негізгі міндеттері мен функциялары мыналар болып табылады:

атом энергиясын пайдалану жөніндегі барлық қызмет түрлерін осындай қызметті өз құзыретінің шегінде лицензиялау мен оны жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қадағалау арқылы реттеу;

ядролық қарудың тарауын болдырмау мақсатында ядролық материалдарды мемлекеттік есепке алу мен бақылауды жүргізу, ядролық материалдар мен технологиялардың, арнаулы ядролық емес материалдар мен қос пайдаланыстағы материалдардың экспорты мен импортына бақылау жасау;

аварияға қарсы жоспарлауды бақылау және ядролық материалдар мен қондырғылардың физикалық қорғауын ұйымдастыру.

10. Аталған міндеттерді орындау үшін Агенттік:

атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады және лицензияның қолданылу шарттарының заңдарға сәйкес орындалуын тексереді;

ережелер мен нұсқауларды әзірлейді; атом энергиясын пайдалану жөніндегі қызметте пайдаланылуы міндетті құжаттар тізбесін бекітеді; басқа мемлекеттік

органдар әзірлеген атом энергиясын пайдалану жөніндегі қызметке қатысты құжаттарды келіседі; ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың құжаттар нормаларын, ережелері мен қағидаларын сақтауына бақылауды жүзеге асырады;

ядролық объектілер мен қондырғылардың олардың өмірлік циклының барлық кезеңдеріндегі қауіпсіздігін негіздеу үшін материалдарды қарайды және келіседі;

ядролық қызметті жүзеге асыратын адамдарға қойылатын біліктілік талаптарын және оларды жұмысқа жіберу тәртібін белгілейді, және осы талаптардың орындалуына бақылау жасайды;

ядролық материалдарға мемлекеттік есеп жүргізеді және оларды сақтау мен пайдалану кезіндегі физикалық қорғаныстың ұйымдастырылуына бақылау жасайды, осы саладағы халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді;

ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету мен ядролық энергияны қауіпсіз пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асырады, МАГАТЭ-мен және атом энергиясын бейбітшілік мақсатта пайдалану саласындағы басқа да халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады және үйлестіреді;

ядролық және арнаулы ядролық емес материалдар мен технологиялардың, қос пайдаланыстағы материалдар мен технологиялардың экспорты мен импортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

авариялық байланысты ұйымдастырады, аварияға қарсы жоспарлауға бақылау жасайды, ядролық және радиациялық авариялар мен авариялық жағдайлар туралы мамандандырылған халықаралық ұйымдармен және басқа мемлекеттердің қадағалау ұйымдарымен жедел ақпарат алмасады;

реттеу және қадағалау қызметіне қажетті зерттеу және ғылыми жұмысты жүзеге асырады, осы саладағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысады;

атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және ядролық қаруды таратпау режимінің шарттарын орындау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру бойынша нормативтік құжаттар мен ұсыныстарды әзірлейді.

11. Агенттік әкімшілік және қаржылық жағынан қызметі атом энергиясын дамыту мен пайдалануға байланысты өзге атқарушы органдарға, ұйымдарға тәуелсіз.

12. Жыл сайын Агенттік Қазақстан Республикасының Үкіметіне атом энергиясын пайдалану объектілерінің қауіпсіздігінің жай-күйі мен өз қызметін жүзеге асыруы туралы есеп береді.

13. Агенттіктің өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мыналарға: кез келген ядролық қызметті инспекциялауға және бақылауға және осы мақсатта мұндай қызмет жүргізіліп отырған кез келген орынға кіруге, сондай-ақ

қадағалау үшін қажетті өлшемдерді алуға, сынама жасауға және алуға, қадағалау жүргізуге қажетті аспаптар мен жабдықтарды орнатуға;

ядролық қызметті жүзеге асыратын кез келген заңды тұлғаны белгіленген нысандағы есептерді, сондай-ақ басқа да қажетті ақпарат пен хабарламаларды беруге, қондырғыны пайдалану мен ядролық материалдарды бақылау жөніндегі есепке алу және жедел құжаттамаларын жүргізуге міндеттеуге;

келісім-шарттарды, жоспарларды, алаңды тандап алу, ядролық қондырғы мен оның ғимараттарын, жабдықтарын жобалауға, жасап шығаруға және жаңартуға, оның сапасын қамтамасыз етуге немесе ядролық материалдарды, радиоактивтерді қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты олардың негіздемелерін қоса алғанда, қажетті ақпаратты алуға;

ядролық және арнаулы ядролық емес материалдардың, ядролық технологиялардың, қос пайдаланыстағы материалдар мен технологиялардың экспорты мен импорты жөніндегі қажетті ақпаратты алуға;

ядролық қондырғының бір бөлігі ретінде жоспарланып отырған ядролық отынның немесе құрылғылар мен жабдықтардың Агенттікпен келісе отырып жасалуын талап етуге, лицензиясы бар тұлғаны Агенттіктің отынның, осындай құрылғылар мен жабдықтардың жасалуына жеткілікті бақылау жасауына мүмкіндік беруге міндеттеуге;

лицензия алуға өтінім берген тұлғаны Агенттіктің қызметкерлеріне (инспекторларына) өтінімге сәйкес өтінім берілген қызмет жүзеге асырылатын орынға кіруін ұйымдастыруға міндеттеуге;

персоналға, халыққа немесе қоршаған ортаға тікелей қауіп төндіретін жағдайлар анықталғанда немесе егер қызмет осындай қауіп төндіреді деп күмәндануға негізді себеп бар болса, осы әрекеттерді туғызған себеп жойылғанға дейін қызметті уақытша тоқтатуға немесе оны шектеуге;

атом энергиясын пайдалану саласында қолданылатын нормативтік актілер немесе лицензия шарттары бұзылған кезде заңдарда көзделген басқа санкцияларды қолдануға;

атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

14. Агенттіктің бақылауындағы ұйымдар Агенттіктің қызметкерлерін (инспекторларын) объектілерді тексеру кезеңіне уақытша қызметтік үй-жайлармен, телефон байланысымен, арнайы киіммен және қорғаныс құралдарымен, сондай-ақ оларды жұмыс орнына апару үшін көлікпен қамтамасыз етуге міндетті.

III. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

15. Агенттікті Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

Директордың Агенттік Директорының ұсынуы бойынша Ғылым министрі - ғылым академиясының президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

16. Агенттік Директоры Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауап береді.

17. Осы мақсаттарда Директор: орынбасары мен агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының арасында міндеттерді бөледі;

Агенттік қызметкерлерін қызмет тағайындайды және қызметтен босатады;

Агенттік қызметкерлерін көтермелеу және оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдайды;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Агенттікті білдіреді.

18. Агенттікті тарату мен қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.